Эссе

Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа әсері

Ғылыми-технологиялық прогресс – адамзаттың ғылым жолында жеткен ең биік белесі мен жетістігі деп білемін. Ғылыми-технологиялық прогрестің, атап айтқанда қазіргі таңдағы түрлі тұрмысқа қажетті машиналар, дамыған мемлекеттерде және өзіміздің мемлекетімізде кездесетін қызмет атқаратын роботтардың және т.б. адам өмірін жеңілдететіні сөзсіз. Бірақ таяқтың екі ұшы бар дегендей, ғылыми-технологиялық прогрестің менің ойымша өз зияндығы жақтары бар. Оны алдағы уақытта сіз бен біз ара-жігін ажыратамыз.

Ғылыми-технологиялық прогрестің тарихына көз жүгіртсек, ең бірінші ғылыми-технологиялық прогрестің нәтижесі – XVIII ғ. Англияда ойлап табылған бу машинасы. Сонау бастауын XVIII ғасырдан алған ғылыми-технологиялық прогрессияның қазіргі таңда адамға беретіні мол. Мысалы, таңертең тұрғанда бет-қолымызды краннан келіп тұрған жылы сумен жуамыз, тоңазытқыштан таңғы асқа керекті азық-түлігімізді аламыз, одан қала берсе ұйқыдан тұра салысымен бірден қолымызға ұялы телефонымызды аламыз, сонда таңнан қара кешке дейін біз ғылыми-технологиялық прогрестің жеткен жетістіктерін пайдаланумен өмір сүреміз. Бұл – шындық. Бір сөзбен айтқанда біз ғылыми-технологиялық прогресс жетістіктеріне тәуелдіміз.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қазіргі таңда ғылыми-технологиялық прогрестің нәтижелерін тек тұрмыста ғана пайдаланып қоймай, өндірісте де, түрлі қызмет көрсету жұмыстарында да, сонымен қатар әскерде және әскери оқу-жаттығуларында да пайдаланады.

Өндірісте және түрлі қызмет көрсету жұмыстарында ғылыми-технологиялық прогрестің қалай және қандай мақсатта пайдаланылатынын барлығымыз білеміз. Ал әскерде қандай мақсатта пайдаланылады? Әскерде және әскери қызметтерде қазіргі таңда дамыған мемлекеттерде түрлі роботтар барлаушы, таңшы, т.б. қызметтерді атқарады. Қазір робот-танктер АҚШ және басқа да мемлекеттерде кездеседі. Әскерде ғылыми-технологиялық прогрестің болуы, менің пайымдауымша адам шығынның азаюына өз септігін тигізеді. Сонымен, ғылыми-технологиялық прогресс адам өмірін жеңілдететіні сөзсіз.

Ғылыми прогрессия түрлі технологияларды жоғары арқылы адамның орнын баса алады ма?

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында әлемде ғылыми-технологиялық прогресс дамып, революция орнап, түрлі өндіріс орындарында машина, станоктар пайда бола бастады. Жер жыртуы үшін енді тракторлар қолданыла бастады. Бұл, әрине әлем елдері үшін жақсы бастама болды, бірақ осының салдарынан көптеген адамдар жұмыссыз қалды. Себебі, машина, станоктар біріншіден - айлық сұрамайды, екіншіден - адамға қарағанда жұмыс өнімділігі артық. Сонымен сол кезеңдерден бастап ғылыми-технологиялық прогрессия адамның жұмыстағы орнын баса бастады.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қазір ғалымдар роботтардан қауіптенеді. Неге? Себебі, кейбір роботтар кейде адамдардан да ақылды болып келеді. Ал егер роботтар өздерін ойлап тапқан адамдардан ақылды болса әлемді жаулап алу қаупі бар.

Менің ойымша ешқандай робот немесе технология адам орнын баса алмайды. Себебі, адамның сана-сезім, түйсігі роботқа берілетін қасиет емес.

Мен ғылыми-технологиялық прогрестің адамға оң және теріс әсері бар деп пайымдаймын.

Қорытындылай келе, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні-әр нәрсенің өз орны, өз өлшемі, өз шегінде болғаны дұрыс. Адамдар ғылыми-технологиялық прогрестің нәтижелерін пайдалы жаққа қарай қолданып, зиянды жақтарына жол бермеуі керек деп ойлаймын. Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа әсерін осылай түйдім.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# I Тур

## Эссе

### Ғылыми - технологиялық прогрестің адамзатқа әсері

Ғылыми - технологиялық прогрестің адамзатқа пайдасы орасан зор. Дамыған елдердің басты белгісі осы ғылыми-технологиялардың деңгейі. Көптеген мемлекеттер өзге елдердің алды болу мақсатында алдымен технологияның дамуына баса назар аударады.

Қазақ халқы заманда ізденісте жүретін халық. Алайда біз шет мемлекеттерге қарағанда даму қарқынымыз аса жоғары деңгейде емес анық. Заманда заман талабына бағыну шарт. Сонда ғана даму деңгейі жоғарылайды. Жалпы адамзатқа оң әсерін беретіні анық. Көптеген көзі ашық, көкірегі ояу, білімді, оқыған-тоқыған, сауатты адамдардың қалыптасуына көмек беретін ғылым саласы. (Е)

Ғылыми-технологиялық прогрестердің әсерінен туындаған дүниелер адамзатқа жан-жақты пайдасын тигізуде. Әйтпесе адамзат баласы ғылыми-технологиялардың әлемінің күнін кешер еді, яки әлем сауатсыз адамдарға толы болар еді.

Қазіргі таңда кез келген дүниені не ақпараттарды лезде осы технологиялардың көмегімен таба қоямыз. Мыңдаған шақырымдағы жақындарымызбен хат алмасып, жылы жүздерін көре аламыз. Жұмыс жасауға мүмкіндік болмағанда, оны атқаратын технологиялар бар.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Киіп отырған киіміміз, ішіп отырған асымыз, тіпті астымыздағы көлігімізде осы ғылыми-технологиялық прогрестердің жетістігі деп білемін. Шет елден қалмай алдыға тәй-тәй басып келеміз. Бұрынғыдай ақ-қара заманда емес, қызылды-жасылды дүниенің қақ ортасындамыз. Басқа елдерден біршама артта болсақта, прогрес үстіндеміз. Бұл адам баласына тигізетін пайдасы. Ал зияны қазіргі жастардың біршамасы ҒТП-ның басты ситрихы смартфондардан келетін қауіп. Ең маңызды осы болар сірә. Жас жеткіншектердің балалық шағы мен бақытынан айыратын дүние сиқырлы. Біз осы ҒТП-тің осал тұсын емес пайдалы жағына жүгінетін кезі жүгірейік. Білмегенімізді үйренуге талпынайық.

Егер ғылыми-технологиялар болмағанда алпауыт мемлекеттермен ~~тек~~ тереземіз тең, керегеміз кең болмас еді. Ол болмағанда халықтың дамуы алға жүрмейтін еді. Біздің алдыңғы қатардан көрінгеніміздің бір белгісі осы емес пе? Міне, бұның барлығы ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа, жалпы қоғамға тигізіп жатқан жері деп ойлаймын. Ал біз адам баласы жалқаулыққа салынбай, керегін алып, керек емес жерін ысырып, алдыға қарай қадам басуға, білімді болуға тырысуымыз керек.

263 сөз.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Біздегі басты мақсат өз-өзімізді алдыға қарай дамыту. Бізді нағыз адам етіп қалыптастыру үшін айналамыздағы адамдардың бізге деген көз қарасы түзу болуы үшін, бір орында тұрып қалмай, ізденіп, талпынып, жаңа дүние ойлап табуға күш-жігерімізді, ақылымыз бен даналығымызды қосуға міндеттіміз. Жаңа дүниенің кілті - ғылым мен технологиялық прогресте. Сонда ғана ақыл-есі толысқан, сауатты, парасатты, пайымды, білім алып жетілген (ао)жеке дара болып қалыптасамыз. Бұл жетістің барлығына ҒТП арқылы жете аламыз. Оның ~~Ж~~ жалпы адам баласына тигізер пайдалы жері деп білемін.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе.

Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа әсері

Ғылым дегеніміз не? Ғылым - әртүрлі салаларда білдей жинақтайтын ұғым. Ғылым сөзін естісек, есімізге әртүрлі қызмет түрлері, мамандықтар түсері сөзсіз. Бірақ ғылымның ең басты әрі бірінші тірегі - даму. Біз білетінде ғылым уақыттың жолдамдағын да артта қалдарып, көкке өрлеп келеді. Демек, дамудың өзі ғыламның жетістігі. Қазіргі заман талабына сәйкес, ғылым ұғыма жалғыз қолданылмайды. Бүгінде технология саласы да сұранысқа ие болғандықтан, ғылым және технология егіз ұғым ретінде қалыптасты. Жеті ғаламның барша тұрғындары әлемді құтқаратын да, алға жетелейтін де ғылыми, біліммен даму және ғылыми-технологиялық прогрестер деп санайды. Дегенмен, оның кері және жағымды әсерлерінің бар екендігін, екеуінің таразыда тең тұратындығын көбіміз ескере бермейміз...

Ғылыми-технологиялық прогрестердің шарықтауы адамзат өміріне әсер етпей қоймайды. Соңғы жиырма жылдың ішінде бұл прогрестер үлкен өзгеріске ұшырап, әлемге үлкен әрі таңданарлық жаңалықтар ала келді. Ескіліктің газеттері мен журналдарын бүгінде ғаламтор желісі алмастырады. Ал бұрынғы сыммен жұмыс істейтін телефондарды, жаңа әрі сымсыз ұялы смартфондар қолданыстан шығарды. Бұл дегеніміз ғылыми-технологиялық прогрестердің әсерінен, адам өмірі әдәуір жеңілдеді деген сөз. Бұл өзгерістерді әлем тез қабылдап, өзгерістің ағынымен оңай жүріп кетті. Бірақ осындай


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ауқымды, үйреншікті емес прогрестерді бірі қуанышпен қабылдаса, енді бірі шыны асқан сақтықпен, арада уақыт салып қабылдады. Бұндай қабылдау-қабылдамау мәселелерінің өзі ғалами-технологиялық прогрестердің адамзат психологиясына, үйреншікті өмірі мен ойлауына үлкен әсерін тигізеді деген ойға алып келеді. Бірақ нақты қандай әсер тигізеді? Осы сұрақ мені де, өзгені де толғандырады және әлі де толғандырып келеді. Өзіміз білетіндей таяқтың екі ұшы бар, бірі - жақсы, екіншісі - жаман. Дәл сол секілді ғалами-технологиялық прогрестердің де екі жері бар. Жақсысы - жоғарыда айтылған өзгерістер мен адамзат өмірінің жеңілдеуі. Жаманы ше? Жаман жағын көп адам елемейді немесе елегісі келмейді, әсіресе жас буын өкілдері. Бірақ мен де жасөспірім бала болғандықтан бұл мәселені көре тұра көрмегеннің кейпін кешкім келмейді. Ғаламтор қызық, әлеуметтік желілер әрине көңілді. Бірақ сол әлеуметтік желідегі жалақтың, атақты жандардың өмірін көремін деп, өзімізді сол өмірлердің ішінен жоғалтып алуымыз ықтимал. Бұл прогрестердің тек бергі жағындағы мәселелер ғана. „Айсбергтің" беткі шыңы десек те қателеспеспіз. Ал сол Айсбергтің" түбінде не жасырулы жатқаны жаға ұстатарлық. "Қаншама зиянды сайттар, ойындар, жастардың өмірін жалмаған „Синий кит" ойыны... Қаншама уақыт өтсе де, осы қорқынышты жайттар әлігінде ғана болғандай-ақ. Ғаламтор мен роботтардың жетегінде кету қорқынышты жайт.

Жалпы жоғарыда айтылған жақсы жайттардың қызық, ыстық буына бір шомылсақ, айтылған жаман заттарды оқысақ не еске алсақ, будың суығына кіріп, есімізді жинауымыз керек-ақ.

Әрине, мен бұл айтқаныммен, ғылыми-технологиялық прогрестердің өзгерістерін құнсыз, пайдасыз деп, немесе өте керемет, адам өмірі бұнсыз болмайды деп те айта алмаймын. Пайдасыз дейін десем, өмірдің жеңілдігін көремін, пайдалы дейін десем өзін жоғалтқан, ғаламторға тәуелді „елес" жандарды көремін... Жақтаса және осыдан шығатын қорытынды: не болса да, жоғарыда айтылған таяқтың екі ұшын, яғни ғылыми технологиялық прогрестердің жаманы мен жақсысын қатар ұстап, өзгерісін тек пайдаға асыру арқылы „теңдікті" сақтаған жөн деп есептеймін. Себебі, ғылыми-технологиялық өзгерістердің адамзат өміріне әсері бұл - баланс, яғни жаңалық пен жаңалықсыздық, даму мен құлдыраудың теңдігі.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа әсері.

Қазіргі таңда көптеген ғылыми-технологиялық жаңалықтар (~~көптеп~~) ашылуда. Жаңалықтардың ашылуы өмірімізге түбегейлі әсер етіп жатыр. Қоғамға, қоршаған ортаға, айналамыздағы жандарға, тіпті жан-жануарлар да шектен тыс әсер етуде. Былай қарасақ, Қазақстанда басты мәселелер, жаңалықтар көп. Соның бірі "Ғылыми-технологиялық" прогрестің адамзатқа әсері".

Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа әсері барма? Біріншіден, қазіргі таңда ғылыми-технологиялық прогрестер шықпаса, ойлап таппаса еліміз ғылым жағынан төмендейді. Ал енді ол жай қоғамда жүрген жандарға еш әсерін тигізбейді және қоғамдағы адамдарда ғылыми-технологиялық прогрестер үшін басын қатырмайды. Ғылым жағында жүрген жандар үшін бұл жай ғана жаңалық емес, олар үшін қуанышты ~~жайт~~


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа зері

Қазіргі таңда көптеген ғылыми-технологиялық жаңалықтар ашылуда. Бұл деген Қазақстанның ғылым саласын ары қарай жоғарылатып, дамытуды білдіреді. Ел үшін бұл қуанышты жағдай егер ашып жатқан ғылыми-технологиялық прогрестердің пайдасы басымырақ болса... Бірақ, ғылымдар оның пайдасы көп болатындай жағдай жасауда. Өз тілімізбен айтсақ, Қазақстанда басты мәселелер, жаңалықтар прогрестер көп. Атап өткендей, соның бірі „Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа зері".

„Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа зері" бар ма? Шыны керек адамзатқа зері бар ма?, жоқ па?! Өзімде білмеймін. Өз сөзімен айта кетейін. Біріншіден, қазіргі таңда ғылыми-технологиялық прогрестер шықпаса, ойлап таппаса еліміз ғылым жағынан төмендейді. Ал енді ол қоғамда жүрген қарапайым жандарға еш зерін тигізбейді және қоғамдағы жандарда бұл технологиялық прогресс үшін еш қайшылықпайды. (Адамзатқа зері менің-ше жоқ секілді). Екіншіден, Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа тигізер айтарлықтай зияны да жоқ. Ғылымдар тек қана оның елімізге тигізер пайдасы үшін жасайды. Сол себепті технологиялық прогрестің адамзатқа, қоғамға еш зияны да жоқ. Жай ғана ғылымдар шығарған прогрестерді бағаласа, саналы түрде ойланып айтса одан артық ештеңе керек емес. Үшіншіден, ғылыми-технологиялық прогресс адамзат үшін шығарылып жатқан дүние емес. Ол еліміздің болашағы үшін, өсіп-өнуіне, өркендеуіне, дамуына арнайы жасалынып жатқан дүние. Біз жай ғана оны тамашалап, естіп, (көрсек) көріп, жүйелі түрде ойла-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

нып, өз ойымызды айтуға міндеттіміз. Ғылымдар жасап жатқан дүниені дұрыс түрде қарасақ, біз де жасай аламыз ғой. Ол үшін бізге әрекет жасап, миымызды іске қосуымыз керек. Шынын керек, қазіргі адамдар ештеңеге басын қатырғысы келмейді. Әрекет жасау керек. Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа зәрі осы. Зәр дейтіндей зәрі де жоқ деуге болады.

Қорытындылай келгенде, технологиялық прогрестерді әрі қарай дамыту үшін өз үлесімізді де қосу қажет. Ал адамға тигізер еш зияны да, зәрі де жоқ. Сол үшін өзіміз технологиялық прогрестерді іздеп дамытуымыз керек.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа әсері.

Ғылыми-технология – бұл қандайда бір ақпараттық жүйе немесе бір бағытқа арналған жетік технология. Қазір әлемнің түкпір-түкпірінде ғылыми технология белең алып жатыр! Бұл прогресс жетік дамып жатқан-дықтан адамдарға әлемдер әсері орасан зор! Ғылыми технология прогресі дамып жатқан шет елдерде өте көп білікті мамандарымыз елдердегі кәсіп саласының өсуіне алып келіп жатыр!

Бұл технология менің ойымша "Адамзаттың жаңа заманға қарай бет бұрасы"-деп санайтын едім. Осы технологиялық прогресс жаңа дамығандықтан сан алуан жабдықталған технологиялар жүзеге асырылуда. Ғылыми технологияның арқасында адамдар санала түрде тоқтап қалған жоқ! Ғылыми технология прогресі адамдарда жаңа бағыт бағдар, жаңа заманға үйретуде! Қазір біздің барлық қолданып жатқан озық технология-ларымыздың барлығы бізге қажет. Жалпы мен білетін соң белең алып жатқан технологиялар: 1) Ғылыми технология 2) Ақпараттық технология 3) Био-технология! Бұл технологиялық процесстер адамға қажетті! Соның ішінде мен соң алдымен Ғылыми технологияның қажеттілігін айтқым келеді. Көбінесе бұл технологиялардың көбісі шет елден тасмалданада. Мысалы біз қолданып жатқан


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

компьютер, телефон, тағыда басқа айрықша дамыған техникалар арқылы адамзат өзінің ой-санасын жан-жақты дамытып, білім алып, сол технология арқылы алған білімдерін жан-жақты таратып, осы арқылы өз ісімен айналысып бұл ғылыми технологияға қызығушылық танытып сайып өз ойынан қазіргі технологияға қарағанда айрықша бір жаңа технология шығарады!

Әлемде осы ғылыми технологияны зерттеп, жолдан жолға дамытып келе жатқан адамдар аз емес. Мен осы прогрес біздан кейін одан әрмен өсіп, дамып әлемді жайлайтынына сенемін! Мүмкін тарихта болмаған басқа жаңа техника шығарына кім кепіл!? Бірақ қазір ондай санасы өте жоғары адамдар қарапайым адам санасына кіріп шықпайтын технологияларды тауып адамзат баласын таң қалдыруда! Мысалға соңғы 15 жылдықта білім саласында, білім беретін мекемелерде бұрынғы технологиямен тоқтап қалған жоқ! Айналамыздың барлығы қазір дамып жатқан технология! Ал ол технологияның бізге үйретер, және тиімді жақтары өте көп. Тіпті бұл технологияларға адамзат тез үйреніскені сонша, бұл технологияларсыз өмірін елестетеде алмай жатқан жандар бар! Әрине тек қана бұл технологиялардың адамзатқа жағымды жерлері бола бермейтінін ескеру керек! Зияны да тиіп жатқанымен, менің көзқарасым бойынша қанша жерден зияны тиседе біз бұл ғ.т.р. мен заман талабына сай өмір сүре білуіміз керек! Керісінше сол технология-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

-ның кері әсерін зерттеп, ол кері әсер бермейтіндей технологияны жаңандыру қажет!

Жалпы тоқсан ауыз сөздің түйіні ғылыми технологияға жақсы көзқараспен қарасақ бұл технология тоқтап қалмайды! Бұл технологияны пайдалану арқылы болашақ біз ойлағаннанда асып кетуі мүмкін. Және жана бұл прогресті тоқтатпаған жөн.

Эссе.

Ш. Құдайбердіұлы „Еңлік-Кебек" дастанындағы тарихи шындық.

„Еңлік - Кебек" дастаны қазақ халқының ескі дәуіріндегі тарихқа негізделіп жазылған. Ш. Құдайбердіұлы сол замандағы қыз балалардың жан-айқайын көрсете білді десек те артық емес. Ежелгі кезде қыз балаларға тәртіп қатаң түрде сақталған. Өз қалауы болмай, өзгенің айтқанымен тағдырлары шешілген.

„Еңлік-Кебек" дастаны көптің жүрегіне жетіп, жүректеріне аяушылық сезімін ұялата алды десек те болатын шығар. Қыз балаларды өз сүйгеніне қоспай, үлкен кісілерге жастайынан атастырып қойған. Ал оны қаламаған бой жеткендер үйлерінен қашып кетіп, өлімге дейін барған. Сол заманның ащы шындығының бірі де сол қинап тұрмысқа беру болды.

Өз өмірлерінен күдер үзген бойжеткендер тағдырларына мойын ұсына алмай үйден қашады, ал оны естіген ата-анасы қызды іздеп тауып сол жігітке қинап беруге дейін барады. Кейбір ата-аналар қыздарын 5-10 тиын үшін шалдарға ұзатып жатқан. Қыз бен оның сүйіктісі бірге қашып, бірге өлуге дейін барады. Соның тағы бір көрінісі „Еңлік-Кебек" және басқа да жырлар.

Бұл кісілердің өмірі тарих сахнасында өшпес із қалдырып келе жатыр. Тағдырлары қиыншылықпен өткен қазақ қыздары тағдырларына мойын ұсынуға тура келетін еді. Өз сүйгеніне қосыла алмай кеткен екі жасқа қол ұстасып бірге өлудің өзі бір бақыт еді. Ал сол бақытты көре алмаған жұрттар екі жастың бақытты болуына қызғанышпен қарады.

Кейбір жұп өз қалауымен өмір сүріп, өз қалаған армандарын жүзеге асыра алмады. Бар өмірі зорлық-зомбылықпен өткен қазақ қыздарын қорғайтын заңда, қорғайтын адам да болмады.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қыз балалардың тағдыра торға қамалған торғай ұқсап, еркіндікті армандап өтті. Осындай ауыр тағдырларымен тарихқа енген жұптардың тағдырын қазір ешкімнің басына салмасын. Әрине қазір бейбіт заман бірақ өткеннің салты мен өткеннің түсінігі қалып қойған адамдарда қыз бала үшін тым қатаң талап салада. Өздері қалаған өмірді сүре алмай қалаған адамымен бас қоса алмай, бұрынғы жұптардың өмірін қайталап келе жатқан жастарда бар өкінішке орай. Оған себеп қазақтың салт-дәстүрі деп ойлаймын. Жастайынан атастырып тіпті бесік құда болып, жақындарының өмірін құртып жатқан ата-аналарда бар.

Ондай салт-дәстүр бұрындары бар болып, өз қыздарының өміріне өздері балта шауып жатқан ата-аналардың кесірінен қанша жас қыршыннан кетті. Дастандағы тарихқа осы өмірден қиындық көрген жастарға бұрынғының салт-дәстүрі ескі түсінігі деп ойлаймын. Себебі осы ескі түсініктің кесірінен қанша жас қыршын кеткен жоқпа? Ескі түсінік, ескі салт-дәстүр осының бәрін алып тастап халықтың түсінігін жаңа жаққа өзгертсек әлі де кеш емес. Яғни жастардың қалауынсыз олардың тағдырын шешпесе әркім өзі білсе, сонда бақытты болуға жол ашылар еді.

Біз бірақ өткен үшін қанша өкінсекте бұрынғыны өзгерту мүмкін емес. Керісінше олардың қателігін қайталамай, махаббат дастандары көп басқа екен деймін. Себебі трагедиялық жанрдан гөрі романтикалық жанрлар жастардың болашағына деген асқақ армандарына жетелейтін еді.

Үлкен адамдарданда ойларын жақсы жаққа бұрса, жігіттерде қыздарда өз қалауларынсыз алып қашпаса бұрынғы өмір қайталанбас еді. Әрі мен қыздардың қалауын қолдап оларда қорғайтын ұлдар көп болғаның қалар едім. Біракта бәрін дәстүр мен ескі салтқада жаба беруге орынсыз себебі қазір ондай салт көптеп кездеспейтін шығар, бірақ қыздарда жастықтың буымен біраз қателіктерге


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ұранап жатады. Сол үшін барынған байыппен асықпай ойланып жүру, шешу керек.

Әлгінде ғана айтқанымдай екі жас бір-бірінің қолын ұстап өлседе қуанышты еді. Шынымен бір-бірі үшін өз өмірлерін қиған жастарды қазірде ешкім ұмытпай, дәріптеп келеді. Еңліктің ауыр тағдыры қанша ғасырдың басынан өтіп қайталанды. Бірақ өле өлгенше бір бірінен айрылғысы келмей, бірге қиындық кешкен жастардың өмірі ел жадында мәңгі қалмақ.

Кейде сол заманға түсіп қыздарды құтқаруға мүмкіндік берсе мен ойланбастан сол мүмкіндікті пайдаланар едім. Себебі бұл оқиғаны оқыған әрбір жан сол кездің басты мәселесі қыз тәрбиесіне қатты қатаңдау болғанын түсінер еді.

Бірақ қолдан келер шара жоқ сондықтан ескі заманның түсінігін, дәстүрін жаңғыртпай, өмірді басқа бағытқа бұра білсек бәрі жақсы болады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа әсері

Ғылыми-технологиялық прогресс – қоғам талабына сай өзгеріске ұшырап ғылыми-технологияның дамуы. Қазіргі таңда ғылыми-технологиясыз мемлекет дамыды деп айта алмаймын. Яғни, ғылыми-технологияның адамзат өміріне, мемлекеттің дамуына тікелей байланысты. Қарапайым ұялы телефонның өзін алып қарастыратын болсақ, адамның онсыз күні жоқ. Күнделікті өмір сүруіміздің өзі осы технологияға тәуелді. Кей кезде адамдар осы технологиясыз қалай өмір сүрген? деген сұрақ келеді. Әрине, бұған бір ғана жауап ол сол заманғы даму деңгейінің басқаша екендігі. Былай қарап тұрсақ, ғылыми-технологияның әсері өзімізге де тиюде. Осы арқылы дамимыз, өсеміз, көркейеміз деп қарапайым халықтың хал-ахуалын түсіріп алмасақ жарар еді.

Қазіргі таңда, өз өмірімізді өзіміз құртудамыз және оны қалай сақтап қалуға болатынымызды да өкінішке орай, білмейміз. Ал, осы ғылыми-технологияның әсері қандай? Жоғарыда айтып кеткеніміздей, адамзат та мемлекетте осы технологияға тәуелді. Осы тәуелділіктің зардабын күнделікті өмірде өзіміз де көрудеміз. Мысалға алатын болсақ, ұялы телефонмен өмір сүріп жүрген біз бен сіз. Оның пайдасынан гөрі зияны көп деп айта аламын. Себебі, біз осы нәрсенің кесірінен көз жанарымыздан айырылудамыз. Яғни, денсаулығына кесірі біз ойлағаннан да жоғары. Ұялы телефоннан бөлінген ультракүлгін сәулелер кері әсерін тигізбесе, оң әсерін тигізбейді. Бірақ, ұялы телефон (ғылым) адамға тигізіп жатқан жердің бергі жағы, одан тереңірек үңілетін болсақ әсерін жан-жақты қарастыра аламыз.

Адамзат тек ұялы телефонмен ғана шектеліп қалған жоқ. Одан әрі дамудамыз. Әрине, ғылыми-технологияның дамуы жақсы. Не дегенмен оның зиянында білгеніңіз абзал.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қарапайым ұялы телефонның адамзат өміріне осылай әсер етсе, компьютер сияқты технологиямен бізді көркейтіп, дамуымызға үлкен үлес қосып жүрген ата-әнелеріміз ше? Ойландыратын сұрақ иә?! Егер ол адамдар болмағанда не болар еді? Бұрынғыша өмір сүрер ме едік? Осы ғылыми-прогрестің жақсы дамуының арқасында ғылыми-технология адам өміріне зиянын тигізбеу жолын қарастыруда. Яғни, ғылыми-технология минут сайын дамуда, өзгеруде.

Өткен заманға көз жүгіртетін болсақ, ғылым, техника дамымаған кезің. Қалай өмір сүрген екен? Апаларымыз күнде от жағып тамақ пісірсе, аталарымыз көліктің орнына жылқымен жүрсе, былай қарасақ оңға сыймайды. Бірақ сол заманда да адамдар өмір сүрді ғой. Егер ғылым мен техника дамымаса, адамдар сондай өмірде өмір сүрсе жақсы болар еді. Сапалы да, сау ұрпақ көз келген мемлекеттің болашағы айқындалады. Алайда, ол дамымаса да қазіргі таңда 50 ел қатарына кірмес едік. Ғылым мен техникаға дамыған 30 озық ел қатарынан көрінеріміз анық.

Қорытындылай келе, ғылыммен техниканың дамымауы ел құлдырауына алып келері сөзсіз. Дамытудың өзінде де адамзат өміріне зиян келтірілмеуі керек. Ел ұйтқысы адамдар құрап тұрғандықтан олардың денсаулығы басты назарда болуы тиіс. Ел ертеңі біздер болғандықтан, барлық жағдайдың алдын алып, денсаулық ғылымды бүгіннен бастап сақтасақ, мемлекетіміздің болашағы айқын болады. Болашақ біздің қолымызда деп қорытындылағым келеді.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа әсері

Қазіргі заманда ғылыми-технология дамыған. Адамзат өз қажеттілігіне қарай пайдаланады. Ғылыми-технологиялық прогрестің әртүрлі адамзатқа әсері бар. Мысалы: жағымды әсері және жағымсыз әсері. Жағымды әсері пайдасы, жағымсыз әсері зияны. Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа әсері қандай? Осы сұрақ төңірегінде жауап бере кетейін.

Біріншіден, адамдарға ғылыми-технологияның әсері-пайдалы әсер етеді. Себебі кез-келген жағдайда интернетті, құрал-жабдықтарды пайдалана алады. Менің ойымша, ғылыми-технологиялардың пайда болуы еліміздің дамып келе жатқанының бір белгісі деп ойлаймын. Қазіргі заманда барлық адам білімді, ғылымның, ғаламтордың биік шыңына шыққан ақылды адамдар. Осы білімнің дамуының нәтижесінде ғылыми-технологиялар дамып келе жатыр. Ғылыми-технологияларға телефондар, компьютерлер, роботтар тағы да басқа жабдықтар жатады. Телефон пайдалану арқылы түрлі қажетті ақпараттар ала аламыз. Роботтарда белгілі бір іс атқару арқылы адамзатқа, қоғамға пайдасын тигізеді.

Екіншіден, ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа жағымсыз әсер етуі де мүмкін. Мысалға, шамадан тыс пайдалану. Телефонды, компьютерді көп пайдалану арқылы бос уақыт құртып, денсаулыққа зиян келтіру ғажап емес. Сондықтан технологиялық құрал-жабдықтарды тек пайдалы жағынан пайдаланған жөн. Әр заттың өзіндік пайдалы жағы да, пайдасыз жағы да болады. Оны пайдалану әркімнің өз қолында.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ғылыми-технологиялық прогрестің тағы да бір әсері, яғни зиянды жағы адамдар технологияның дамуынан жалқау болып кетуі де мүмкін. Технологиялық құрал-жабдықтардың бірі робот. Роботтардың қызмет жасауының әсерінен, болашақта көп жұмыссыздық болып, адамдардың орнына роботтар қызмет жасауы мүмкін. Бұның әсерінен адамдар жұмыссыз қалып, бір жағынан жалқауланып кетеді деп ойлаймын. Себебі роботтарды пайдалану тиімді, олар шаршамайды және тамақ қажет етпейді. Қазіргі таңда телефондардың үлгісі де жаңарып жатыр және сұранысқа ие. Телефон арқылы алыстағы адамдармен сөйлесіп, сабаққа да пайдалана алады. Яғни, ғылыми-технологиялық прогрестің әсері зор.

Қорытындылай келе, ғылыми-технологиялық прогрестің әсері мол. Бірақ ол әр адамға әртүрлі әсер етеді. Қандай мақсатта пайдалансаң соған қарай әсер етеді.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа жері

Ғылым-технологиялық прогрестің адамзатқа жері бар ма? Бұл сұрақ қазіргі таңда ауқымды сұрақтардың бірі. Қазіргі кезде барлығы технологияға алмасып жатқандықтан, ғылым технологияның жері де болады. Адамзатқа деген жақсы да жаман да жері бар.

Қазіргі таңда жаңа технологиялардың шығуы балалыққа қауіп деп те санауға болады. Жаңа технологияның арқасында баланың ойқөрі өсер болады, бірақ жаңа технологияның да өзінің қиындығы, жаман жағы да көп. Мысалға айтатын болсақ жаңа роботтардың пайда болуы, бұл әрине жақсы адамдарға серік, қамқоршы болады. Бірақ адамдардың жалқаулануы, роботтарға сенім артып, барлық жұмысты тастауы үлкен мәселеге әкеледі. Ғылыми технологиялар пайда болса жаңа өнім тағы одан да озады. Қазіргі өзінде барлық елде химиялық қоспа арқылы шығарылып жатқан өнімдерде аз емес. Адамдардың өмірі технологияға қарап қалуы да бар. Себебі қазіргі таңда түрлі смартфон, компьютерлер аз емес олардың өзіндік зияны да пайдасы да бар. Адамдардың күнделікті жұмысы да осы смартфон мен компьютерге байланысты. Азаннан кешкі уақытқа дейін компьютер мен смартфонға қарап отыру адамға көптеген зиян әкеледі. Ғылыми технологиялар жылдан жылға жаңарып, өсіп, дамып келеді.. Жаңа технологиялар бұл әрине жақсы бірақ менің ойымша бұл мәселені екі жақтылы қарастыру керек. Тек роботтар ғана емес менің ойымша смартфон компьютер адамдарға өзіндік зияны бар. Бұрынғы ата-бабаларымыз көптеген жылдар бойы сұрап батырлары үшін болған ол кезде смартфон және жаңа технологиялар болмаған сонда да көптеген жетістікке жете білген. Менің ойымша жаңа технологиялар



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРНЫ

адамдарға зияны өте мол. Жаңа ғылыми технологиялардың табиғат-қа да зияны өте мол. Түрлі улы газдар табиғатты былайша айтқанда өлтіреді. Бұл мүлде дұрыс емес. Табиғат бізге берілген байлық, оны жаңа ғылыми технологиямен алмастыра алмаймыз.

Қорытындылай келе ғылыми технологиялардың адамға зияны емес бүкіл табиғат пен жануарға зияны өте күшті. Жаман да жағы да зияны бар. Бірақ менің ойымша жақсы жағы көбірек. Себебін айта кетсем тірі табиғатты технологиямен алмастырып, бар сұлулығынан, табиғи әсемдіктерден айырыламыз. Ал менің ойымша бұлай қателік қылып, жерімізді технологиямен алмастырып бітіп шығуға болмайды. Бірақ тіптен жаңа технологиялар керек емес деп айта алмаймын. Қатты керек болғанда мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек ретінде ұстануға болады.

330 сөз



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

1-тапсырма

Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа әсері

Ғылыми-технологиялық прогресс - XXI ғасырдың айқын бейнесі. Қазіргі таңда ғылым мен технология адамзаттың ажырамас бөлігіне айналды. Қоғамда қандай үрдіс дамыса, сол бір өзгеріс өміріміздің бөлшегіне айналып кетеді. Сол сияқты ғылыми-технологиялық прогрестің де бізге айтарлықтай әсері бар. Қарапайым мысалмен алғанда, күнделікті өмірімізде заманауи технологиясыз іс жүрмейді. Қолымыздағы теж смартфонда ажырамас бөлігімізге айналды. Міне, яғни, прогресс дамуда. Ал осы бір дамудың қандай жақтары көп? Жақсы ма, жаман ба? Пайдалы әлде зиян ба?

Менің ойымша, кез келген дүниенің жағымды да, жағымсыз, пайдалы да, пайдасыз тұстары болады. Ендеше, ғылыми-технологиялық прогрестің әсерін талдайық. Ғылыми процесс - ғылымның әр саласының даму процесі. Мысалы, медицина, астрономия, білім, т.б. салалар. Медицинаның дамуы адамзатқа тек пайдалы деп ойлаймын. Яғни, қазіргі таңда медицинаның дамығанының әлемі-әлі жоқ ауру жоқ. Қандай да бір өлімге әкелетін неше түрлі қатерлі аурулар пайда болып жатса да, медицина бізді таңғалдырудан жалықпайды. Білім саласын алар болсақ, заман ағымына қарай түрлі мамандықтар пайда болуда. Мысалы, IT. Айти (IT) саласы білімде де, ғылымда да өте өзекті орын алуда. Яғни, Қазақстанда цифрландыру дамуда. Технология - адамзаттың өзі ойлап тапқан өнертабыс. Технологиялық процесс қоғамда қалай жүреді? Түрлі смартфон, ноутбук, компьютер, тұрмыстық техникалардың соңғы үлгілерінің шығып отыруы. Халықтың танымал компанияларды білуі деген секілді. Техниканың тіршілікке пайдасы қаншалықты болса,


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

зиянды тұсы да соншалықты бар. Қазір адамдар осы бір соңғы үйдегі техникаларды алу үшін өмірлерін беруге дайын десек болады. Неге? Себебі, заман ағымы солай. Адамдар көзділік пен қарапайымдылықтың ара жігін ажырата алмайтын жағдайда. Міне, ғылымның да, технологияның да айқын, айтуға боларлық көп тұсы бар.

Қорытындылай келе, менің айтарым, адамзат - түзушісі де, іске асырушы да және зиян келтіруші де. Бәрі біздің қолымызда. Қоғамды жақсарту да, жою да. Ғылым мен технология адамзат түзірген кішкене ғана үрдіс. Дегенмен, орны орасан зор.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа жері.

~~(Қазіргі)~~ XXI ғасыр технологияның шарықтап, дамыған кезі. Күннен-күнге жаңалық ашылып, дүниежүзін таңдандыруда. Қазіргі таңда айналамыздағы қоршаған техника. Адамзат баласына тигер пайдасы да, оғасы зор қауіпде бар.

Ғылыми-технология өрбу үстінде. Адамдар үшін ~~(ең қажет)~~ ғылыми-технологияның алар орны ерекше әрі ең қажет дүние. Себебі: жедел хат алмасу, керекті ақпарат алу, қозғалысты суреттер мен бейнеролик тер көру. Жәнеде тұрмыс-тіршілікке пайдасы көп. Яғни технология қазіргі заманымызға және адамзатқа ~~(үшін)~~ ең құнды, баға болып саналады.

~~(Ғылыми технологияның адамдарға деген пайдасының)~~ Менің ойымша ғылыми-технологияның адамдарға деген пайдасынан зияны басымырақ. Жай ғана мысал келтірер болсам: Сізді технология дамымаған, техникалық заттардың ~~(жоқ)~~, тіпті ұялы телефоныңыз ~~(байланыстың, жерге апарса)~~, радио, теледизор байланыспайтын жерге тап болсаңыз, сіз не істер едіңіз? Менің ойымша технология заманынан келген адам үшін үйрену, сіңісу қиынға соғады. Онда сіз ~~(жалғыз өзіңіз, (ешқандай қозғалыс))~~ ~~(күнге)~~ теледидордан күнге тамашалайтын концерттерден, ұялы телефоныңыздан көретін қозғалысты бейнероликтерден, радиодан ~~(есту)~~ күнделікті



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

жаңалықтардан құр қалар едіңіз. Сізді бұл іс пісірлік өмір зеріктірер еді. Бұл сіздің денсаулығыңызға да зиян тиер еді. Тіпті көзге аурудың белгілері табылар еді. Сонда түсінгеніңіз сіз технологиясыз өмір сүре алмайсыз әрі тәуелдісіз. Технологияға тәуелділік, (денсаулығыңызға) көп мәселерде қолдану, сіздің миыңыз бен көз мүше-ліре зардабы тиеді. Бұл ақпараттар ғылыми түрде дәлелденген. Мен бойынша технологияға тәуелділік ең үлкен қауіп. Қазіргі кезде ғалымдар, дәрігерлер осы індетті жою үшін түрлі жолдар қарастыруда. (А-) Ғалымдар адамзат баласы үшін технологияның (жері кері) кері жер тигізіп жат-қанын хабарлауда. Мұндай ауру белгілері денсау-лығыңызда табылмас үшін өз-өзіңізбен жұмыс жасауыңыз қажет. Техникалық заттардан уақытша да бос тартып, жиі қолданбау шараларын жасап, бос уақытта қозғалыс іспен айналысып, өзіңізді қозғалтуыңыз қажет. Менің ойымша бір сәт техно-логиядан бос тартсаңыз, адамдармен жиі арала-сып, басқада қозғалмалы (д) іспен айналысаңыз сізге бұл індет жоламайды.

Қорытындылайтын болсам ғылым-технология-ның адамзатқа берер (пайдасы да зияны да бар) жері кері болсын пайдалы болсын, өз мөлшерімен қолдану қажет. Әлемге жаңа көзқараспен қарап,



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

өзіңізді өзгертсеңіз сізде барлығы жақсы болады. Әлемнің өзгеруі, айналаңыздың өзгеруі өз қолыңызда.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Ғылыми-технологиялық прогрестің
адамзатқа әсері

Қазір XXI ғасыр. Нағыз жаһандану кезеңі белең алып тұрған сәт. Заманмен бірге адамда, адаммен бірге ғылым салалары да, технология да дамуда. Ал осы жердегі адамның басты жемісті нәтижесі ол- ғылыми-технологиялық прогресс.

Ғылыми-техникалық прогресс - дамудың жаңа кезеңі. Ағылшындық ғалымдар, бұл саланың „адамзат өмірінен алатын үлкен орнын" атап айтқан десе-ді. Оған себеп осы прогрестің біздің өмірімізді жеңілдетуі мен тиімділігі. Жаңадан шығып жатқан технологиялар, ғылымға қатысты (химия, физика, биология) көптеген құрал-жабдықтар, ақылды роботтар, барлығы дерлік дамыған осы заманның көрінісі болып табылады. Қоғам оларды тұрмыс-тіршілікте, нысандарда және т.б жерлерде қолданады. Адамзат та осы прогреспен бірге өркендеп, инновациялық жарқын болашаққа жол ашады.

Осы жылдардағы ең маңызды сала ол-медицина. Ал оның да қарқынды дамуына бірден-бір себепкер болған нәрсе: ғылыми-техникалық прогресс. Біраз жылдар бұрын Қытайдағы білікті мамандар . Біз күйген терінің қайта қалпына келу жолын таптық, ал бір мүшелері жоқ жандарға жаңа жасуша өсіру арқылы оны қалпына келтіру жолын табуда үрдіссіз жұмыс жасадық" деп мәлімдейді. Бұл сөзден соң шынымен де адамдарға роботтармен ота жасалған. Халық, қаншама адам осының арқасында сауыққан, бүгінде бақытты өмір сүріп жатыр. Біздің елімізде де лазермен жүрекке секінді қауіпті оталар жасалынып


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жатыр. Әрине, барлығы сәтті өтуде. Бұл мысал мыңдаған салаға ғылыми-техникалық прогрестің қосқан аз ғана бөлігі. Ғылыми-техникалық прогресс-адамға оң әсерімен танылып жатқан даму үрдісі.

Жалпы адам пенде болған соң тіршілігін жасап, үнемі өсіп, өніп отырады. Оның дамуы, ғылыми-техникалық прогресс секілді мүлде өзгеше салалардың пайда болуына алып келеді. Атап өткендей, ғылыми-техникалық прогресс адам қажеттіліктерін өтеп, жаңа белестерге жетуге жол ашады. Адам онсыз өмір сүре алмайды. Өйткені оған үйренген, дағдыланған. Дамыған осы ғасырдың негізі мәңгілік ғылыми-техникалық прогресс болып қалады!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ғылыми - технологиялық прогрестің адамзатқа әсері.

Қазір XXI ғасыр. Нағыз технологияның дамып, ғылымның өркендеген кезі. Адамзат қалауымен, ілім-білімнің өз шыңына жетіп, елге өз үлесін қосқан тайы бар. Көптеген уақыттар бойы, асау тайдай ырқына көнбеген, тілін түсінбеген бұл ғылым - қазірде адамзаттың жеткен үлкен белестерінің бірі. Әрине, адамзат дамуын тоқтатпайды, ғылымда тоқтатар емес. Әйда, ғылым атты шыңның ең төбедегі нүктесіне жете қоймасақта, бағындырған белесіміз қаншама. ~~Ә~~ Білім инемен құдық қазғандай деп бекер айтпаған, сірә.

Жалпы алғанда, ғылым деген не? Абайдың: "Жасымда ғылым бар деп, ескермедім, қалымды мезгілінен кеш сермедім" сөзіндегі "Қалымды мезгілінен кеш сермедім" ~~өзі~~ дегені нені білдіреді? Уақыт- бұл қолыңыздағы алтын. Уақытыңда тиімді пайдалану керек. Ал, уақытты тиімді пайдалану - ғылым үйрену. Ғылым - түсіне білген адамға бағалы қазына. Әр адам оны үйрене алады. Десекте, бойдағы жалқаулықты жеңу керек. Абай атамыз айтқандай "Ғылым таппай мақтанба, бес нәрседен қашық бол, адам болам десеңіз; өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншектік* - сіздің адами тұлға болуыңыздың басты қарсыластары".

Заман талабы- адамның тікелей болмысын өзгертетін басты фактор. Мәселен, осыдан 50 жыл бұрын қандай болдық? Әрине, тәуелсіздік басты рөлде. Десекте, ғылыми технологияның прогресті ел мүлде естімеген. Ел арасында білім сапасы төмен. Түрлі технологиялар мүлде жоқ. Ал, тәуелсіздікті алған жылдарда


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

алсақ, ел тәуелсіздігін енді тойлап, енді дамушы елдер қатарына қадам басып келеді. Араға уақыт салып, ғылыми прогрес арқасында, еліміз әлемнің 50 ел қатарына да қосылды. Халықта "Балар баланың бетін қақпа, бейне бу" деген жақсы сөз бар емес пе, Қазақстанның дамуына үлес қосқан оның білімді жастары. Осындайда Мағжан атамыздың: "Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай қыранғы жастарға сенемін" атты жастарға деген үміті ақталғандай.

Жалпы әлемді қарастырсақ, ғылымды дұрыс пайдаланудың не екенін түсінеміз. Ғылымның мүмкіншіліктері, және оның адам таңқаларлықтай үлесі. Болашақта, әлемді роботтар басқарады деген тұжырымдарды да кездестіреміз. Бұл қаншалықты дұрыс? Әрине, роботтар үлкен мүмкіндіктерге, қабілеттерге ие, дегенмен роботтардың адам орнына келуі міндетті дұрыс тұжырым деп айта алмаймын. Бұл- адамдардың жалқаулығына алып келеді. Сондықтанда, жалқаулықтың алдын алу - адамның адамдың тұлғасының жоғалмауына жер етеді.

Қорытындылай келе, ғылымның адамзатқа тигізген пайесін толық шығара алмаспыз. Оның кемегі мен тигізген үлкен жері де қаншама. Бұл нәтижеге қол жеткізу қиын бағанымен, барлығы адамға байланысты. Ғылым - тоқтамайтын прогресс. Ал, оны тиімді пайдаланушы адам. Тек, бойында ақыл мен жігері адам ғана, оның шарықтау шегіне шыға алады. Ал, шарықтау шегіне жетқан адам әлемі түбегейлі өзгереді. Сондықтан,


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ZMB ZMB

ҚА310-28

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Парақ / Страница № 3

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Өз өмірің - өз қолыңда!

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

I-тур

3. Ғылыми-технологияның прогрестің адамзатқа әсері

Ғылыми-технологияның прогресс дегеніміз - адамзат баласының ғылым мен технологияны ұштастыра отырып жасаған түрлі жаңалықтарының жиынтығы құрылысы. Бұл сала қазірде қарқынды түрде дамып келе жатқаны белгілі. Сонымен бірге, "әлемдік өмір салтының бет бейнесіне айналуда". Күнделікті өміріміз технологияның айналасында өтіп жатыр. Бұл прогресс қаншама жылдар бойы қалыптасқан еңбек пен шынайы таланттан туған сәби іспеттес. Адамзат тарихы да осы шеңдігімен біте қайнаса өмір сүріп жатыр емес пе? Ал енді осы құдіретті дүниенің ерекшелігі, адамның, мысалы біздің өмірімізге не әсері бар?, осы жайында біраз сөз айтайын.

Адамзат, тіршілік қалыптасқанда өмір салты, дүниетанымы бүгінгідей ме еді? Жоқ! Қай нәрсе болмасын уақыт ағымына түседі. Қазірде қалыптасқан ереже мен нормалар да сол ағын судың бір тамшысы. Онда (басқа) тау-тас, өзен-көл, сона мен аңғал секілді адам мен табиғаттың қолдан еккен жемісі. Сол ереже мен нормалардың арқасында ғылым-білім өз шарықтау шегіне жеткендей. Технология осылайша қалыптасты. Оны өзге емес өзіміз қалыптастырдық. Адам баласы нені болмасын өз игілігі үшін пайда қылды. Соның бірі де, бірегейі де технология. Технология


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

прогресі өзінше бір жұмбақ. Бірақ технология біз үшін пайдалы. Сөзімнің басында атап өткендей ол құдіретті күште не. Неге бұлай айттым? Себебі шындық сол. Біз технология мен ғаламторды жақсы меңгерумен қатар жақсы пайдаланудамыз. Тіпті саусағыңызды шырт еткізіп-ақ қалағаныңызды жасап жатырсыз. Үстіңіздегі киіміңіз де, астыңыздағы көлігіңіз де, тіпті қолыңыздағы хат-хабар құралы да технология игілігі мен кереметінің (пайд) көрінісі. Абай атамыз Ыбырайдың „Өнер-білім бар жұрттар“ өлеңі тап бүгінгі күннің сол замандағы сипаттамасы, тәй сипаты емес, айна қатесіз көшірмесі. Әрине мұның барлығы әдемі естіледі, алайда әдемілік пен жақсылыққа қатар жүретін бір құртар арғы бар. Ол әрине тұжырымсыз жамандығы.

Манағы айтқан бейазы бейне артында қытымыр аяздай салқындығы барын көп жан сезбейді. Бұл сөздерімімен ғылым, технологияны жаман атты, қарғыс атқыр демеймін. Тек жаман тұстарын көргенде ішіме пышақ сұққандай күй кешемін. Жақсылығын айтқандай жексұрын тұстарын тілге тиек еткенім дұрыс болар. Айттым өміріңізге мән берді деп, сән берді деп, бірақ осы мән мен сән біздегі бір бұлыққа тығары сөзсіз. Мысалы адамдар қазірде технология мен ғылымға сеніп ар-ұждан мен еңбек етуді ысырып тастағандай. Оның орнына тәкаппар әрі жалқау ел қалыптасуда. Біз бұрынымен салыстырғанда (қазі) білім-ғылымда оза шауып, қолымызды көкке тигізіп жатсақта, тәрбие-тәлімде, салт пен санада ата-бабамыздан бәйгеге түспегеніміз дұрыс. Неге? Себебі технология мен ғылым прогресі

біздің ақылсыз, надан етті. Әрине, оған ерік берген өзімізде де ес жоқ. Баяғы бабамыз ғаламторда батыр, зиянсыз желі де ақын башақан, өз өнерін өзге ге іспен, көзбе көз дженедегеж. Аналарымыз болса ТікТокқа билеп уақыт өткізбеді күйеуіне нан илеп, баласына тәрбие берді. Болашаққана алаң ем арбауға түспес деп міне осыны айтуға болар. Ал біз болсақ осы сөзді ұзпағандаймыз. Қара терімен келген нан тәтті, жалқауларға нан тәтті деген сөзді ұран етуге тиіспіз. Қорғалып кеткен жаста, ақылмандықа айналған жаста, үзілген бақта, байлаусыз күн кешкен жанда сол технология жүргізаның мойнына түскенін сөзді ме екен? Технологияның артық айттадым ба білмеймін, бірақ шындық осы.

Технология адам баласына жақсылығын да, жаман дығында тигізген шығар. Сол жамандығынан күресу, жақсылығын басқаменен бөлісу біздің парыз. Бұл парызды орындасақ біз кімен қоғамтың болашақ кимес. Тек технологияны игілігіне жаратса бала-ның. Сонда технология прогресі өз пайдасын береді


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

## Ш. Құдайбердіұлы „Еңлік-Кебек" дастанындағы тарихи шындық

Ш. Құдайбердіұлының „Еңлік-Кебек" дастанындағы ащы шындық ол-байырғы қазақ қыздарының бостандықта болмауы. Яғни, қазақ қыздарының теңсіздігі. Олар өздері қалаған сүйген адамдарына қосыла алмайды. Әкелері оларды бай шійтке, бала басшыларына тұрмысқа шығуға мәжбүрлейді. Шәкәрім Құдайбердіұлының да айтқысы келген тарихи шындығы осы еді. Ол тек Еңлік пен Кебектің басынан өткен мұңды махаббаттарын ғана емес, барлық қазақ қыздарының теңсіздігі ~~жайлы~~ халыққа осы дастанымен үндеу тастады. Сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу қазақ жазушыларының қаламгерлері осы еді ғой. Олар қанша осындай дастандарды жазып, тіпті өлең жазып жатса да қара халық оларды түсінбеді. Бар ойлағандары қыздарының артынан көбірек пұл келе деді. Өздерінен біршама жас үлкен байлар айттырып, құда түсіп келеді. Әкелері, қыздың өз шыртын олардың рұқсатынсыз-ақ келісім береді. Осылайша қыз сүйгеніне қосыла алмай не біреуді өлтіреді, не өзін өлтіреді....

Неліктен әкелері қыздарын өз сүйгендеріне бермейді?- деген ой келеді. Әлде сол замандағы адамдардың сана-сезімінің төмен болғанынан осындай жағдайлар көп кездесті ме. Әдет ұят-деген үлкен ұғым қалыптаспаған кездер ғой. Қыздың қалың малын алдын-ала алып қояды да, қызын бермеске амалы қалмайды. „Еңлік-Кебек" дастанында дәл сол жағдай. Өзі сүймеген жанға тұрмыс


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

құрғысы келмей Еңлік Кебекпен қашып кетеді. Ал оны білген Еңліктің туғысына шыңқау болған қайын жұрты бүтін бір ауылға қысым жасайды. Қысымға, ұрыс-төбелеске шыдай алмаған олар Еңлік пен Кебекті өлтіруге шешім қабылдайды. Сондағы қызды сүйген жігіттің, жігітті сүйген қыздың күнәсі барма. Ауыр соңында қосыла алмайтындарына көздері жеткен қос ғашық көз жұмады.

Ол кездегі қазақ қыздарының теңсіздігіне тағы бір дәлел- „Бақытсыз Жамал", „Қозы Көрпеш-Баян Сұлу". Менің ойымша сол ғасырда қазақ қыздарының өмірі өте қиын, қиын болды. Себебінде әр жазушының шығармаларының бірі осы қыздардың теңсіздігі. „Тарих беті ақтаңдақ" деп бекер айтпаған. Тарихқа үңілер болсақ, нәзік жандылардың небір қиындық көрген дерін білеміз. Тіпті өз ойларын ашық айта алмаған. Бірақ та мені бір қуантатыны сол кездегі ержігіттердің, Кебектің батылдығы. Өзінің өлетінін біле тұрса да Еңлікпен бас тартпауы. Еңлікті сол қараңғы, қорқыныштыөмірге қайта тастағысы келмеді. Осы Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты ақын, жазушылардың арқасында қараңғы қазақ аспанына нұр шықты. Менің осындай тарихи қайғылы оқиғаларды жазбағанда, әлі де қазақ қыздары еркіндікте тең өмір сүрмес те еді. Сондағы әділқазылардың, сот үкімдерінің әділдігі, шыншылдығы қайда. Қыздың намысын қорғай алмаған әулет [illegible] қайда. Зар заманның ащы шындығы осы..

Бірақ қазіргі қазақ қыздары сол кездегі ата-әжелерінің жүрген жолын жүрмей,


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

әділдікте, теңдікте рахат өмір сүріп жатыр. «Еңлік-Кебек» дастанын оқыған адамның жүрегі дір етпей қоймайды. Иә, дәл сол сезім менде де болды. Бір жағынан жүрегімді аянышты сезім басса, бір жағынан жан-дүниемді ашу-ыза кернеді. Әрине, қанша ашулансаң да, жыласаң да тарихты өзгерте алмайсың! Тек қана оқып, жаңа ой түйеміз. Қазақ қыздарының соншалықты ержүрек, күресшіл болғанын мақтанышпен айтып жүрмін.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп айтпақшы, ендігі қазақ қыздарының басынан бұл жағдайлардың өтуіне жол бермеуіміз керек. Ертеңімізді ойлау үшін, тарихқа бет бұрып қарайық. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» дастанындағы ащы шындық пен түпкі ойды айқындап бердім деген ойдамын.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ